Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

Қызылорда облысы
Жалағаш ауданы

№13 (9900)
14 ақпан,
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

«Қазақстанда соңғы 3 күнде жер сілкінісінен зардап шеккендерге көмек көрсету үшін жиналған 1 миллион 28 мың 706 доллар көлеміндегі қаражат AFAD-тың ресми шотына аударылды. Осылайша қайырымдылықтың жалпы сомасы 2 миллион 849 мың 836 долларды құрады» делінген Астанадағы Түркия елшілігінің хабарламасында.

3 млн долларға жуық қаражат аударылды

Айта кетейік, 6 ақпанда Түркияның оңтүстік-шығыс бөлігінде екі күшті жер сілкінісі болды, сонымен қатар Сирияның бірнеше провинциясы зардап шеккен.

Қаза тапқандар саны қазірдің өзінде 33 мыңнан асты. Құтқару жұмыстары жалғасып жатыр. БҰҰ мәліметінше, құрбандар саны 50 мың адамнан асуы мүмкін. ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің құтқарушылары 7 ақпанда жер сілкінісі салдарын жою үшін Алматыдан Түркияға ұшып кетті.

Жер сілкінісі елге 70 миллиард доллардан астам шығын әкелді. Сондай-ақ жұмыс күшінің жоғалуы түрік экономикасына үш миллиард доллар шығын әкеледі.

Қазіргі таңда қазақстандық құтқарушылар Түркияда күндіз-түні жұмыс істеп жатыр. Іздеу-құтқару жұмыстары жүргізілген күннен бастап Қазақстан ТЖМ құтқарушылары 7 адамды құтқарып, медицина қызметкерлеріне тапсырды. Қайтыс болған 67 адамның, оның ішінде 6 баланың денесі үйінді астынан шығарылған.

Қазір Қазақстан ТЖМ құтқарушылары іздеу-құтқару жұмыстарын жалғастырып жатыр. Газиантеп қаласына бірінші эшелонмен барған құтқарушылар тәулік бойы екі ауысымда үш учаскеде жұмыс істеп жүр. Құтқарушылардың бірінші тобы тоғыз қабатты ғимаратта жұмыс істеп жатыр. Ғимарат толығымен қираған. Үйінділердің арасынан адамдарды іздеу жұмыстары жалғасады. Бұл жерде үйінділердің астынан 4 адам құтқарылды, 14 қаза тапқан адамның денесі шығарылған.

Құтқарушылардың екінші тобы алты қабатты ғимаратта жұмыс жүргізуде. Нысан толығымен демонтаждалды. Инженерлік техниканы, авариялық-құтқару жабдықтарын, қарапайым аспаптарды қолдана отырып, 10000-нан астам текше метр үйінді арасы ашылды. Демонтаждауға жұмылдырылған бөлімше жұмыс жүргізіліп жатқан 1 және 3 учаскелерге бөлінді. Қайтыс болған 19 адамның денесі шығарылған.

Үшінші топ та алты қабатты ғимаратта жұмыс істеп жатыр. Ғимарат толығымен қираған. Үйінділердің арасынан адамдарды іздеу жұмыстары жүргізілуде, қайтыс болған 22 адамның денесі шығарылған.

Қазақстан ТЖМ екінші эшелонмен барған құтқарушылар Түркияға келген сәттен бастап Нурдагы қаласында іздеу-құтқару жұмыстарын тәулік бойы жүргізуде. Толығымен қираған ғимаратта қазақстандық құтқарушылар адамдардың орналасқан жері мен жай-күйін анықтау, үйінділер астында зардап шеккендермен аудио байланыс орнату, қажетті көмектің көлемі мен сипатын анықтау бойынша жұмыстар жүргізді. Қазақстандық құтқарушылардың үлкен тереңдіктегі үйінділердің астынан зардап шеккендерді эвакуациялау үшін жол ашу жұмыстарын орындап, жедел және сауатты іс-қимылдың, сондай-ақ зардап шеккендерді блоктан шығару бойынша уақытылы қабылданған шаралардың нәтижесінде көлемі 18 мың текше метрден астам үйіндінің астынан үш тірі адамды, яғни бір ер адам мен екі әйелді шығаруға мүмкіндік туды. Адамдар дереу медициналық көмек алды. Қайтыс болған 8 адамның денесі шығарылды. Зардап шеккен адамдарды іздеуге техникалық құралдар, үйінділерді бөлшектеуге инженерлік техника пайдаланылып жатыр. Үйінділердің арасынан адамдарды іздеу жұмыстары әлі де жалғасады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Үкімет

Жол сапасы бәрінен маңызды

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫНДА АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН САЛУ ЖӘНЕ РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ. ШТАБ ОТЫРЫСЫНДА ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 8 МЫҢ ШАҚЫРЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ 14 МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖЕРГІЛІКТІ АВТОЖОЛДАРДЫ САПАЛЫ САЛУ МЕН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ МІНДЕТІ ҚОЙЫЛҒАНЫН АТАП ӨТТІ.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар мен жоспарлар туралы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев баяндады. Оның айтуынша, биыл 11 мың шақырым автомобиль жолдары, оның ішінде 7 мың шақырым республикалық желі жөндеу жұмыстарымен қамтылады. Бүгінгі таңда 70 мың шақырым жергілікті желінің 85 пайызы нормативтік жағдайда. Жамбыл (97%), Маңғыстау (96%) және Павлодар (91%) облыстарында жергілікті жолдардың жай-күйі жақсы, 3 өңірде көрсеткіштер орташадан төмен. Олардың қатарында Батыс Қазақстан (46%), Ақтөбе (72%) және Атырау (72%) облыстары бар.

Бұдан басқа министрлік 2024-2030 жылдары халықаралық қаржы институттарының қаражатын тарта отырып, жалпы ұзындығы 4,4 мың шақырым болатын жаңа жол жобаларын іске асыруды пысықтап жатыр. Атап айтқанда, «Жезказған-Қараганды» – 513 км, «Астана-Костанай-РФ шекарасы» – 830 км, «Бейнеу-Шалқар» – 515 км, «Атырау-Доссор» – 86 км, «Қызылорда-Ақтөбе» – 1 101 шақырым, «Актобе-Орал» – 628 шақырым.

Штаб отырысында «ҚазАвтоЖол» компаниясының басқарма төрағасы Мейірхат Қасымбаев пен бірқатар өңір әкімдері сөз сөйледі. Премьер-Министр жолдардың жай-күйі мен көлік инфрақұрылымы ішкі және сыртқы сауданы дамытудың маңызды факторлары екенін атап өтті.

Үкімет басшысының айтуынша, соңғы уақытта автомобиль жолдарының сапасына қатысты шағымдар көп. Жолдың нашарлығы жол апатына себепші болып, адамдардың өліміне әкеледі, транзиттік тасымал көлемін азайтады, сонымен қатар елдің имиджіне теріс әсер етеді.

– Жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарына жұртшылық қанағаттанбай отыр. Интернетте жұмыстың регламент бойынша емес, жаңбыр, тіпті қар жауып жатқан кезде жүргізіліп жатқаны түсірілген көптеген бейнеролик пен фотосуреттер толып жүр, – деді Әлихан Смайылов.

Мысал ретінде Үкімет басшысы Абай облысы Көктерек ауылында қардың үстіне асфальт төселгенін, ал Павлодар облысында асфальтты жолға шашып тастағанын айтты. Кейбір өңірлерде ауыл тұрғындары жергілікті атқарушы органдардан қайыр күтпей, жолдарды өз бетінше жөндейтін жағдайлар кездеседі. Алматы облысы Рысқұлов ауылында, Маңғыстау облысы Атамекен ауылында осындай жағдайлар орын алған. Сонымен қатар бір учаскеде жыл сайын жөндеу жұмыстары жүргізілген фактілер бар.

Әлихан Смайылов жол салу әдістерін түбегейлі өзгертуді талап етті. Сондай-ақ ол өңірлердің әкімдіктеріне жергілікті автожолдар желісін салу және жөндеу бойынша сапалы жұмыс жүргізу тапсырды. Құрылыс маусымын бірден бастау үшін мемлекеттік сатып алу мен құрылыс материалдарын сатып алудың барлық рәсімдерін жақын арада тездетіп аяқтау керек.

Сонымен қатар Премьер-Министр осы жылдың соңына дейін «Мерке-Бурылбайтал», «Ақтөбе-Атырау-Астрахан», «Алматы-Өскемен», «Өнеге-Бейсен», «Казталовка-Жәнібек», «Үшарал-Достық» сияқты маңызды автожол жобаларының аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Баға бақылауда болсын

Елдегі айлық табыстың ең төменгі деңгейі көтерілген сайын азық-түліктің бағасы да шарықтап кетті. Қазақстандықтар табыстың артқанына қуанғанымен, азық-түлік бағасының көтерілгеніне қынжылады. Өйткені әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрлерінің бағасының өзі қалтаға салмақ салып тұр. Тұрғындардың күнделікті тұтынып отырған басты азық-түлігі – ұн өнімдері. Ал қазір сол ұнның бағасы да шарықтаған.

Жалпы, нарық заманында, экономиканың қарқын алған дәуірінде асы-раушы саланы дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру де күн тәртібінде. Алайда халық күнделікті тұтынатын түрлі тағамдар мен көкөністер және өзге де өнімдердің бағасы кейде төмендеп, кейде күрт өсіп кетіп жатады. Сондықтан азық-түлік бағасының қолжетімсіздігі үнемі халық көтеретін үлкен мәселелердің біріне айналды. Көпшілік бас қосқан жерде де айтылатын уәж осы. Ұнның қымбаттағаны, нанның көтерілгені. Әсіресе өзімізден өндірілетін күрішті неге жоғары бағада аламыз дейді. Рас, әлеуметтің әлеуетінің түсуіне тікелей бағаның тұрақсыздығы әсер ететіні жасырын емес. Себебі қоғам ортақ болғанымен ондағы халықтың тұрмыс деңгейі әртүрлі. Кейбірінің айлық табысы көтерілгенімен, кейбірі әлі төменгі жалақымен күн көруде. Ал бағаның әлсін-әлсін өсуі соңғы топтағылардың қалтасын қағып, титықтатып тұр. Бір ғана ұнның бағасының өзі бүгінде 12 мың теңгеден асып тұр. Міне «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» деген сөздің жаны бар. Әлгіндегі біз сөз басында айтқан мәселе де бекер қозғалып отырған жоқ. Заман қымбатшылықты белшесінен басқанда оның зардабы ең әуелі қарапайым халыққа тиетіні белгілі. Ал қымбатшылықты сезінген халық қашанғы титықтасын?! Дегенмен ауданда азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу, оны тұрақтандыру бағытында жұмыстар атқарылып келеді. Ал сауда орындары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қымбаттауының негізгі себебі азық-түлік өнімдерінің басқа облыстардан қымбат бағада келуінен дейді. Мәселен, өнімдердің көбі Қостанай, Петропавл, Түркістан, Шымкенттен әкелінетіндіктен әлеуметтің талап-тілегіне қарауға мүмкіндіктері болмай тұр. Ал нан өнімдерінің бағасын тұрақты ұстап тұру үшін «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-дан әлеуметтік ұн алынып, ауданда орналасқан сауда орталықтарына және наубайхана иелеріне төменгі бағада беріліп отыр. Сондай-ақ «Ақниет-2» сауда орталығынан «әлеуметтік бұрыш» ашылып, сөрелердегі өнімдердің бағасы нарықтық бағадан 10-15 пайызға төмен сатылуда.

Ал бақша өнімдерін жалағаштықтарға қолжетімді бағада ұсынып отырған жергілікті шаруашылықтардың жұмысын да айта кету керек. Мәселен, «Ер-Әлі» ШҚ өткен жылы егінді әртараптандыру бағытында 24 гектар жерге картоп, 5 гектар жерге сәбіз, 2,5 гектар жерге қант қызылшасы дақылдарын орналастырды. 24 гектар жерге егілген картоптың әр гектарынан 150 центнерден, барлығы 3600 центнер және 5 гектар сәбіздің әр гектарынан 120 центнерден, барлығы 600 центнер, 2,5 гектар қант қызылшасының әр гектарынан 160 центнерден, барлығы 400 центнер өнім алды. Аудан тұрғындарын қолжетімді бағада азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында картоптың 1 кг 120 теңгеден, сәбіздің 1 кг 125 теңгеден сатуда. Қазіргі таңда аталған шаруашылықтың қоймасында 30 тоннаға жуық сәбіз, 25 тоннаға жуық картоп қоры бар. «Ер-Әлі» ШҚ өнімдері Қызылорда қаласында және ауданда өткізілген жәрмеңкелерде да тұрғындар тарапынан жоғары сұранысқа ие болып, жәрмеңкелерде қыс қамын ерте қамдаған ағайын үшін сапалы өнімдерін ұсынған еді.

Қымбатшылық шымбайға батқанымен, ұн, май, қант секілді өнімдер қалтаға салмақ салып тұрғанымен, жергілікті шаруашылықтардан келетін бақша өнімдерінде тұрақтылықтың болғаны сәл де болсын көңілді демдеп тұрғаны рас. Халық үшін ең маңызды мәселенің бірі баға тұрақтылығына байланысты және сауда орындарындағы әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының қолжетімділігін қамтамасыз етуде жүйелі жұмыс істелуі керек. Кәсіпкер де халыққа қызмет етіп отырғандықтан, заңға бағынуы тиіс. Үнемі сауда орындарына мониторинг жүргізіліп тұрса, бұл өз нәтижесін беретіні сөзсіз. Әсіресе аудан бойынша сауда орындарына мониторинг жүргізу ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі басшыларының ұдайы назарында болуы керек. Ал азық-түлік бағасын өсірген кәсіп иелерімен тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Бағаның тұрақтанбауы алыпсатарлардың көбеюінен болатыны да белгілі. Дайын жерге өзіміз еңбектеніп азын-аулақ бақша өнімдерін егуге ерінеміз де, күзге қарай базар аралап, арзан өнім іздейміз. Уақытында әрі сұраныс туындағанда арзан өнім қайдан болсын, керісінше алыпсатарлар өз ойындағы бағасын қойып, халықтың қалтасын қағып отырады. Нәтижесінде әлеуметтің күнкөрісі төмендейді, бағада тұрақсыздық болады. Әрине кәсіпкер де осы елдің азаматы болғандықтан ортақ заңға бағынуға міндетті. Бағаны ойдан қоюына, белгіленген бағадан жоғарылатуға тиісті емес.

Нұр НАУАН

Сұхбат

Қазір мемлекет тарапынан білім саласына қарқынды қолдау бар. Әлбетте, дамыған елдер қатарынан табылуды көздейтін кез келген ел алдымен бұл салада серпін қалыптастырғысы келеді. Қазақстан да тәуелсіздік алған жылдардан бері аталған саланы әсте назардан тыс қалдырған емес. Десе де бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда ұлағатты ұстаздар мұндай қолдаудың жемісін көріп жатыр ма, аудандағы аталған саланы дамытуда атқарылған жұмыстардың нәтижесі қалай, жуырда ғана жүзеге асқан бастауыш сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары өз деңгейінде жүріп жатыр ма, биыл түлектердің ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының қарқыны қалай? Осы және өзге сауалдардың түйінін тарқату үшін білім бөлімінің басшысы, ауданның бас ұстазы Талғат Садықовпен сұхбаттасқан болатынбыз...

Қалыптасқан серпін – қажырлы еңбектің жемісі

– Талғат Құрақбайұлы, жалпы ауданда білім саласының даму қарқыны қалай, түлектердің 11 жылда жиған білімі таразыға тартылатын жыл сайынғы ҰБТ нәтижесіне көңіліңіз тола ма, биыл оған түлектердің дайындығы қалай? Алдымен әңгімеңізді осы сауалдардың жауабымен бастасаңыз...

– Жалпы еліміздің өркендеуі білім беру ісінің ілгерілеуіне тікелей байланысты. Ауданның білім саласы жылдар бойы облыс бойынша жоғары көрсеткішке ие болып келеді. Биыл да мектеп бітіруші түлектер жаңа ережеге сай ұлттық тест тапсыруды бастап кетті. Жуырда ғана білім бөлімі мәлім еткендей, облыс бойынша 8048 түлектің 7044-і ҰБТ тапсыруға өтінім беріп, 10 қаңтардан 10 ақпанға дейін ұлттық бірыңғай тестілеу жұмыстары жүргізілді.

Қаңтардағы ҰБТ-ға жоғары оқу орындарына шартты түрде қабылданған студенттер, шығармашылық дайындықты талап ететін БББТ-дан басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген ЖОО білім алушылары, ақылы негізде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласына ауысуға ниет білдірушілер, сондай-ақ қалауы бойынша ЖОО ақылы негізде оқуға қабылданғысы келетін мектеп түлектері қатысады. Тіркелу кезінде тест тапсырушылар емтихан орнын, күнін және уақытын өздері таңдады.

Айта кету керек, 2023 жылы ҰБТ-да тестілеу форматы өзгеріссіз қалған. Қазақстан тарихы бойынша тестілеуге қатысушылар 20 тапсырманы, оқу сауаттылығы бойынша 15, математикалық сауаттылық бойынша 15 және екі бейіндік пән бойынша 35 тапсырманы орындайды. Барлығы – 120 сұрақ. Ең жоғары балл – 140. Тестілеудің жалпы уақыты – 4 сағат, яғни 240 минут. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минуттық уақыт сақталады. Сонымен қатар бір ерекшелік жауап нұсқаларының азаюы болып отыр. Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны бестен төртке дейін, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауаптан көп емес, яғни сегізден алтыға дейін азайды.

Қаңтардағы ҰБТ-дан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының топтарына түсуге ниет білдірушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсыратын болды. Ең бастысы, тестілеу кезінде калькулятор, Менделеев және тұздар ерігіштігі кестелері барлық талапкер үшін компьютер экрандарында қолжетімді болады. Бұның өзі сын сағатта сынып қалмай, уақытты үнемдеп, тез есептеу тәсілдерін білетін түлектерге мүмкіндік болмақ. Сондай-ақ ҰБТ қатысушыларына өздерімен қалам, су және шоколад алып келуге рұқсат етіледі.

Ал «Жыл сайынғы ҰБТ қорытындысына көңіліңіз тола ма?» деген сауалыңызға келсек, алдыңғы жылы ауданда 321 түлек мектеп бітіріп, оның 296-сы ұлттық сынамаға қатысқан. Орташа балл 82-ні құрады. Оның ішінде 273 түлек жоғары оқу орындарына түсіп, өз мамандығы бойынша білім алуда. 39 «Алтын белгі», 18 «Үздік аттестат» иегері де сол жылы анықталған болатын. Ал былтыр аудан бойынша жеті мыңнан астам білім алушы, оның ішінде 358-і түлек болса, «Алтын белгіге» 24, «Үздік аттестатқа» 31 оқушы үміткер болды. Оның 312-сі ҰБТ-ға қатысты. Орташа балл – 81,2. Ал 239 түлек мемлекеттік грант иегері атанды. Әрине бұл бір аудан үшін төмен көрсеткіш емес.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқандар ішінде ең көп үміткері бар Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі мен Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі болса, ең аз түлек Жаңадария ауылындағы №203 орта мектептен.

– Биыл жаңа оқу жылын қанша оқушымен бастадыңыздар?

– Жаңа оқу жылында 7 128 оқушыны білім ошақтары құшақ жая қарсы алса, соның ішінде 682 бүлдіршін 1 сыныпқа қабылданды. Аудан мектептері биылғы жаңа оқу жылына да жоспарға сәйкес үлкен дайындықпен кірісті. Атап айтсақ, аудан бойынша 20 мектеп, 1 кешкі мектеп, 37 мектепке дейінгі ұйым, яғни 10 мемлекеттік, 21 жеке балабақша, 6 шағын орталық, 3 қосымша білім беру ұйымы, 2 арнаулы білім беру ұйымы жас ұрпақтың санасына білім сіңіріп, бойына тәрбие дарыту бағытында жұмыс істеп келеді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар 100 пайыз қамтылған. Қазіргі таңда 1-6 жастағы балалардың қамтылуы – 68,2 пайыз. Алдағы міндет – 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың балабақшамен қамтылуын арттыру. Балабақшалардағы 297 педагогтың 52,5 пайызының біліктілігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға сәйкес келеді. 2021 жылы бұл көрсеткіш 40 пайызды құраған.

Бүгінгі заман – басқалардан білекпен емес, біліммен озатын заман. Иә, расымен заман бұрынғыдай емес, білім саласындағы оқу үрдісі де, білім беру критерийлері де, барлығы өзгерді. Қазір жан-жақты, жаңашыл, үнемі ізденіс үстінде болсаң, еңбегіңнің жемісін көресің. Шүкір, біздің аудан білікті ұстаз, білімді шәкірттерден кенде емес. Ұстаздар қауымы барынша балаларды ынталандыруға, әрбір сабағын жаңаша, қызықты идеямен өткізуге талпынады. Өйткені оқушыны жалықтырып алмауды ойлайды. Түрлі білім додаларында жеңіске жетіп жүрген оқушылар да бар. Олар жетістікке жеткен сайын ауданымыздың мерейі асып, ұстаздардың қызметіне деген ынтасы, жауапкершілігі арта түседі. Осы оқу жылында аудан бойынша ҰБТ тапсыруға ниет білдірген түлектер саны 350-ден асады. Олардың барлығы қазіргі таңда қызу дайындық үстінде. Биыл да түлектер ұлттық сынамадан сүрінбей өтіп, аудан мерейін асқақтатады деп сенеміз.

– Бастауыш сынып оқушыларын мемлекет ыстық тамақпен қамтамасыз етуді бастап кетті. Осы орайда облыс орталығында өткен брифингте кейбір аудандарда бұл жұмыстар өз деңгейінде жүрмей жатқаны, тіпті кейбір білім ошақтарында асхананың жоқтығы айтылған. Бізде бұған қатысты мәселе бар ма?

– Мемлекеттің білім саласына жасап жатқан қолдауына, әсіресе осы балалардың ыстық тамақпен қамтылуы үшін жасаған қамқорлығына ризамыз. Үшінші тоқсаннан бастап аймақтағы барлық бастауыш сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ беріледі. Бұл жаңалық ата-аналарды да, балаларды да қуантты. Естеріңізде болса, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2029 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасында 1-4 сынып оқушыларын 100 пайыз ыстық тамақпен қамтамасыз ететінін айтқан болатын. Президенттің бұл бастамасы өз кезегінде балалардың денсаулығына, жақсы дамуына, оқу үлгерімін және әл-ауқатын жақсартуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Жалпы аймақта белгіленген санаттағы 33061 бала былтыр ыстық тамақпен қамтамасыз етілсе, биыл 9 қаңтардан бастап 55 901 оқушыға тегін ыстық тамақ берілуде. Жаңа оқу жылына дайындық барысын пысықтау кейбір ата-аналарға қиындық туғызатыны анық. Балалар бір сыныптан бір сыныпқа көшіп, есейгендеріне қуанса, ата-ана сол балаларының киім-кешегі мен оқу құралдарын түгендейді, осы жолда аянып қалмайды. Әсіресе көпбалалы үйде осындай мәселенің жыл сайын қайталанатынын тағы ескеріңіз. Ал балалардың күнделікті мектепке алып кететін тиын-тебенін қайда қоясыз? Иә, бұл да таңсық жағдай емес. Өйткені ата-аналардың айтатын шағымының бірі осы болатын. Қымбатшылық тіпті мектеп асханасында сатылатын балалар тағамдарына дейін келді. Бір балаға бір бәліш жеуі үшін күніне ең аз дегенде 250 теңге кетеді. Өзіміз де ата-ана болғандықтан бұл қымбатшылықпен, осы қиындықпен күнде бетпе-бет келіп жүрдік.

Бүгінгі таңда аудан бойынша бастауыш сыныптарда оқитын 4019 бала бюджет есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Аудандық білім бөлімі тарапынан асхана жұмыстары, балалардың теңгерімді тамақтануы бақылауға алынған. Ал жаңа сіз айтып отырғандай бізде ешқандай мәселе туындаған емес. бастауыш сынып оқушылары 100 пайыз ыстық тамақпен тамтылуда. Сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстардың барлығы бақылауда. Аудандағы барлық білім ошағында асхана бар.

– ҰБТ көрсеткіші бойынша аудандағы қандай білім ошақтарының жұмысына көңіліңіз толады?

– Жаңа жоғарыда ҰБТ көрсеткіші бойынша жыл сайын орташа және жоғары балл көрсеткішінің жақсарып келе жатқанын айттық. Биыл да түлектердің дайындық қарқыны жаман емес. Ал осы қалыптасқан оң нәтижеде аудандағы барлық білім ошағының, ондағы ұлағатты ұстаздардың үлкен еңбегі бар деп ойлаймын. Мұны ешкім жоққа шығара қоймас. Рас, ауыл мен аудан орталығындағы мектептердегі білім сапасына қатысты үлкен айырмашылық, ҰБТ көрсеткіші бойынша да мектептердегі білім сапасының көңіл көншітпейтін жағдайлары бұрын болған. Ал қазір ше, қазір мүлде басқа. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда барлық білім беру ұйымы, ондағы ұлағатты ұстаздар қажырлы еңбек етіп жатыр және оның нәтижесін барлығымыз көріп келеміз. Тіпті ауыл мен аудан орталығындағы мектептердің де арасында бұрынғыдай білім сапасына қатысты алшақтық жоқ. Мектеп түлектерінің 90-95 пайызы ЖОО-ға мемлекеттік грантпен оқуға түскен ауылдар бар. Міне, бұл ауданда білім сапасында серпін барын аңғартады. Осы жолда ұлағатты ұстаздар қажырлы еңбек етуде. Әріптестерімнің жұмысына табыс тілеймін.

– Кешегі бала тәрбиесіне қатысты үлкен кеңесте өзіңіз де болдыңыз, келелі мәселелер көтерілген кеңесте «Бала тәрбиесінде шалыс қадам жасамау үшін қайтпек керек?» деген сауалдың түйіні тарқатылғандай болды. Жалпы бала тәрбиесінде бірінші жауапкершілік кімге артылады, ата-ана ма, ұстаз ба, құзырлы орган өкілдері ме?

– Бұл жерде кімге дегеннен кімдерге деген дұрыс болатын шығар. Себебі бала тәрбиесіне қатысты олқылыққа тек біржақты қарау орынсыз. Себебі оған бір емес, бірнеше салдар себеп болып жатады.

Балаға тәлімді тәрбие мен лайықты білім беруде баршамыздың ұстанымымыз бір, мүддеміз ортақ. Ол – туған елін шексіз сүйетін, өз ісіне адал, еңбекқор, ізгі ұрпақ тәрбиелеу. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп, балаларға терең әрі тағылымды тәрбие беру қажет екенін қадап айтты. Мектеп, отбасы және қоғам арасындағы өзара түсіністік, әртүрлі проблемаларды шешуге бірлесе ұмтылу, мектеп пен отбасындағы тәрбие ісіне ерекше көңіл бөлу аса маңызды. Себебі өскелең ұрпақтың дамуы мен тәрбиелеудегі жетістігі және әрбір оқушының тұлға болып қалыптасуы көбіне отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекетіне, шешіміне тікелей байланысты.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде басым бағыт баланың жеке басына тілектестік қарым-қатынас, құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге әсте жол бермеу қажет. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Баланың бойына жастайынан ізгілік пен мейірімділікті, адамгершілік сынды құнды қасиеттерді сіңіруде педагогтар мен отбасындағы тәрбие үлкен рөл атқаратыны белгілі.

– Отбасындағы тәрбиеге кейін ораламыз, ал бұл бағытта әріптестеріңіз нендей жобаларды қолға алуда?

– Ауданда бұл бағытта біршама жұмыстар атқарылуда. Барлық білім беру ұйымдарында «Оқуға құштар мектеп», «Пікірсайыс қозғалысы», «Балалар және театр», «Мектеп парламенті», «Мен әлемге домбыраны танытамын», «Ата-ананың жұмыс орнындағы 3 күн», «Туған жерге тағзым» өлкетану саяхаты, «Балалар әлеміндегі игі істер» жобалары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Осы жобалар аясында бүгінге дейін жүзден астам іс-шара өткізілді.

– Бұл жобалардың бала тәрбиесіне пайдасы не?

– Жоба жұмыстары оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамытып, ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты одан әрі нығайтуда. Қазіргі таңа бұл жобалармен 4000-нан астам бала қамтылды.

Негізінен бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін отбасынан, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер жанұяда балаға өсиет сөзбен, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген өмірден түйген даналық өлшемдері, тәжірибемен келген ордалы ой тұжырымдары отбасынан басталатын тәлім мен тәрбиенің ақиқатын дәлелдейді.

– Қоғамда отбасы ұғымымен қатар толық отбасы, көпбалалы отбасы, толық емес отбасы, аз қамтылған отбасы, қолайсыз отбасы терминдері қатар қолданылады. Мұндай санаттағы отбасылардағы оқушылардың үлесі қанша?

– Қазіргі таңда ауданда 7044 оқушы бар. Оның ішінде қолайсыз отбасында 10, мектепішілік есебінде тұратын 27, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 46, аз қамтамасыз етілген отбасында 2045, көпбалалы отбасында 4913, толық емес отбасында 749 бала тәрбиеленуде. Толық емес отбасының ішінде ата-анасының бірі қайтыс болғаны – 312, ажырасқаны – 437.

Көріп отырғаныңыздай, толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың 10 пайызы әкенің немесе ана тәрбиесінің назарынан тыс қалып отыр. Мектепішілік бақылаудағы 27 баланың 15-і аз қамтылған, ал 2-еуі өгей әке мен ана тәрбиесінде, 5-еуі көпбалалы отбасында болса, аталған санатқа жатпайтын 5 оқушы бар. Бүгінде өгей ата-ана тәрбиесінде 67 бала болса, оның 43-і – қыз бала, 24-і – ер бала. Отбасында қылмыстық іс қозғалып, сотталған адамдардың болуы көрсеткішімен ауданда 26 отбасы тіркелген. Оның ішінде мектеп жасында 49 бала, мектепке дейінгі жаста 12 бала бар.

– Кешегі кеңесте балалар мен жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауы, жалпы балалар арасындағы қылмыс жиілегені айтылды. Бұған қатысты аудандағы ахуал қалай? Олқылыққа жол бермеу үшін нендей шараларды қолға алдыңыздар?

– 2020 жылы аяқталған суицид фактілері орын алып, бірқатар жауапты тұлғалардың қызметтік және тәртіптік жауапкершілігі қаралды. Білім бөлімімен бұл бағыттағы жұмыстар күшейтіліп, жүйеленген шаралар қолға алынды. Ал 2021 жылы 1 суицидке оқталу жағдайы болды, 2022 жылы суицид орын алған жоқ. Жыл сайын кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық, суицидтің, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында бекітілген ведомствоаралық жоспар аясында жұмыстар жүргізілуде. Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу мақсатында 5-11 сынып аралығындағы 4219 оқушыға сауалнама жүргізіліп, нәтижесі бойынша «Психологиялық қолдау тобына» 39 оқушы, мектепішілік бақылауға 188 оқушы алынды.

Жасөспірімдер арасында суицид, зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу бағытында негізгі алгоритмдер бекітілген. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында әрбір баланың отбасына талдау, кейс жұмыстары негізгі алгоритммен жүргізілді. Былтыр 1 зорлық-зомбылық жағдайы орын алды. Орын алған жағдай аудан әкімі жанындағы комиссия отырысында қаралып, білім бөлімі тарапынан психологиялық, әлеуметтік қолдау жасалып, бақылауға алынды. Ата-анасының қамқорлығынан айырылған қорғаншы, қамқоршы және патронат тәрбиешінің қамқорлығына берілген 46 бала 31 отбасында тәрбиеленуде. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың қамқоршыларының 5-еуі жұмыссыз, 18-і зейнеткер, 8-і түрлі салада жұмыс жасайды. Үлгерімі бойынша үздігі – 4, екпіндісі – 11, оқу үлгерімі қанағаттанарлық деңгейі – 19.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын болдырмау мақсатында бос уақытты тиімді ұйымдастыруға арналған аудандық іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес мүдделі органдардың қатысуымен кәмелетке толмағандар арасында «Түнгі қаладағы бала», «Жасөспірім», «Жазғы демалыс», «Бала және отбасы» атты рейдтік шаралар мен ата-аналар жиналыстары, тәрбиелік шаралар тұрақты түрде өткізілуде. Бірақ білім беру ұйымдарында жан-жақты жұмыс атқарылғанымен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар әлі де орын алуда. Аудандық полиция бөлімінің профилактикалық есебінде 2022 жылдың басынан бері 1 қылмыспен 3 жасөспірім тіркелген. Жасөспірімдердің қатысуымен болған құқық бұзушылықтар мектептен тыс, түнгі беймезгіл уақыттарда орын алған. 2022 жылы түнгі мезгілде жүрген 194 жасөспірімнің ата-анасына әкімшілік «ескерту» берілген.

– Бала тәрбиесімен қатар олар үшін қауіпсіз орта қалыптастырудың да маңызы зор. Қазір мұндай жағдайлар сәл де болса тыйылды. Бірақ осыдан 3-4 жыл бұрын мектеп ауласында, білім ошағының ішінде балаларға арампиғылдылардың жаман әрекет жасағанын ресми ақпараттар растады. Осы ретте аудандағы барлық білім ошақтары қауіпсіз деп айта аласыз ба, олар қанша пайыз бейнебақылау камераларымен қамтамасыз етілген?

– Білім беру ұйымдарының барлығы бейнебақылау жүйелерімен қамтылған. 20 мектепте барлығы 343 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның 217-сі – ішкі, 126-сы – сыртқы камералар.

Биыл 2 мектепке, яғни №116 және №122 орта мектепке бейнебақылау орнатуға қаржы қаралды. Сонымен қатар кент орталығындағы 5 мектепке турникет орнатылды, 15 мектепке дабыл түймесін орнатуға облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар жасалуда.

– Оқушылардың, жасөспірімдердің діни ағымдардың жетегінде кетпеуі үшін нендей шараларды қолға алып жатырсыздар, сондай-ақ олардың бос уақытын тиімді өткізуде нендей мәселелер бар?

– Қоғамда дінаралық келісім, жастардың тәрбиесіне кері әсер беретін жат діни ағымдардың мәнін түсіндіруге байланысты мәселені үнемі назарда ұстау қажеттігі туындап отыр. Дәстүрлі емес діни ағымдардың жағымсыз түр сипаттары туралы жастардың көзқарасының қалыптасуын ақпараттандыру мақсатында 8-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша дін туралы түсінікті толық білетіні 52 пайыз, түрлі ағымдар мен секталар туралы білетіні 40 пайыз, діни басылымдар мен кітаптар оқитыны 20 пайыз болып анықталды.

Бұл ретте оқушыларымызды өнерге, рухани құндылықтарға тәрбиелейтін мектептен тыс ұйымдардың маңызы зор. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жалпы қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарға барлығы 4585 бала тартылған. Оның ішінде оқушылар үйіне 400, өнер мектебіне 100, №202 орта мектеп жанынан ашылған қосымша білім беру орталығында 250, аула клубтарына 1800, спорттық үйірмелерге 2175 бала тартылды. Бұл орта мектепте білім алушы 7044 баланың 85 пайызын құрайды.

– Сіз кеңесте «Қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – қыздар тәрбиесі» дедіңіз, бұлай ой түюіңізге не себеп?

– Ежелден қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне аса мән берген. Соңғы уақытта мектеп жасындағы қыз балалар арасында келеңсіз жағдайлардың жиі орын алуы бізді ойландыруы тиіс. Әлеуметтік желідегі кейбір жайттар да қыз бала тәрбиесіне қатты мән беру қажеттігін аңғартып отыр. «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақылдың өзі қыз бала тәрбиесінде үлкен жауапкершілік қажет екенін білдірсе керек.

– Жалпы, мұғалім мәртебесіне қатысты заң шыққалы олардың мәртебесінің артқанын байқамадым. Рас, ол – біздің ішкі түсінікте де ұлы мамандық иесі. Алайда қазір бала тәрбиесі, жалпы білімге қатысты болсын бір олқылық орын ала қалса, барлық кінәні мұғалімге телитін қоғам өкілдері пайда болды. Осыны өзіңіз дұрыс деп есептейсіз бе?

– Сапалы білім мен саналы тәрбиенің мәселелерін байыпты шешуде тек ұстаздарға ғана иек арту орынсыз деп ойлаймын. Ұрпақ тәрбиесінде ата-аналар да жауапкершілікті бірінші кезекке қоюы тиіс. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің негізгі ұйытқысы ата-ана болып қала беретіндігіне еш күмән жоқ. Адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап отбасында тәрбие алады. Отбасы – барлық адамзат қоғамы үшін теңдесі жоқ құндылық, адам баласының қасиетті алтын мектебі. Сондықтан кез келген олқылықты тек ұстаздар жұмысымен байланыстыруды мен де орынсыз деп есептеймін. Себебі оларда бір ғана мақсат бар, ол – сапалы білімді шәкірт санасына сіңіру арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру. Бұл бағытта жалағаштық ұстаздар қажырлы еңбек етіп жатыр деп нық сеніммен айта аламын. Салада қалыптасқан серпін әріптестерімнің сапалы еңбегінің жемісі деп білемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сәрке батыр

О бастан қазақтың иелігіне тиген дархан даланы басына қонған бақ санап, өзгеге көзін сатып, қолын жаймай, бүгініне шүкір еткен текті халықтың ешкімге алаботен ойы, біреудің алажібін аттайтын ниеті жоқ еді. Бірақ ата-бабамыз тыныштықтың тінін тіліп, бірліктің ақ туын құлатуға асыққан, жауыздықтың сойылын соғып, ашкөздікке салынғандардың ықпалынан талай зұлматты бастан өткерді. Сондай кезеңдерде ұлтарақтай жерді жаттың табанына бастырмай, басын бәйгеге тігіп, жау найзасына кеудесін тосқан, ел арасынан қол бастап шыққан небір баһадүр батырлар, жаужүрек жауынгерлер болды. Тарихтан белгілі ұлт батырларының есімі бүгінде алтын әріппен жазылғандай, тайға таңба басқандай ұрпақ жадында жаңғырып тұр. Солардың қатарында XVII-XVIII ғасырлардағы Ұлт азаттық қозғалысы қолбасшыларының бірі, баһадүр батыр Өмірқұл баласы Сәрке бабамыз да бар.

Кісінің атын сұрамастан бұрын шыққан тегін түгендейтін қазақтың қанына сіңген қасиет бар. Батыр бабамыздың өмірдерегі тарих бетінде сайрап тұрса да, біркем шолу жасайық.

Өмірқұл байдың Құлшық, Қареке, Қараман және Сәмеке деген балалары болған. Алайда елді қорғайтын бала сұрап, құдайға құлшылық етіп, Арыстан баб әулиеге барған. Онан кейін Мүсірәлі софы Әзиз әулиеге келіп: «Шүкір, малсыз емеспін, жансыз емеспін, ел қорғайтын жерге, елге ие болатын ұл болса» деп, әуелі Алладан сосын өзіңнен қоштау бола ма деп келдім» дейді. Сонда Мүсірәлі әулие: «Алладан сұрадым, Алла тілегімді берді. Көш бастайтын Қарқара қыз берді, жауға қарсы қол бастайтын Сәрке атты ұл берді. Аттарын да Алла ауызға салды» депті.

Өмірқұл бабамыз Сәрке мен Қарқараға қазақи тәрбие беріп, Бұқара мен Үргеніштен оқымысты кісілер алдырып оқытады. Сәрке мен Қарқара өте зерек, шалт қимылды, алымды балалар болады. Қаз тұрып жүргеннен бастап балаларды ат арқасына айылдап таңып, ашамайға отырғызады. Келе-келе ат құлағында ойнайтын нағыз шабандоздар болыпты. Бір күндері Өмірқұл бай Алаштың ең қадірменді ақсақал-қолбасшылары қарт Текей батырды, Әз Тәуке ханның жасынан тәрбиешісі болған «Аталық» Бидас батырды қонаққа шақырады. Қонақтары Текей мен Бидасты Өмірқұл бай бірнеше күн аялдатып, тынықтырады. Олар ауыл балаларының өнер-білімдерін тамашалап, бір жасап қалады. Текей, Бидас ақсақалдар Сәрке мен Қарқара қыздың өнер-білімдерін қызыға тамсанып, өнеріне разы болыпты. Екі баланың келешегіне үміт артып, батасын береді.

Жалпы «Ақтабан шұбырынды» атанған қазақ халқына келген нәубетті басынан өткеріп, әдепкі күннен бастап жаумен айқасқа түскен Сәрке батыр – өмірінің соңына дейін қаруын тастамаған қазақтың хас батырының бірі. Шамамен 1720-1730 жылдары аралығында қалмақ бектері Жоршын мен Тайшы бастаған 35 мыңдық қалмақ қолы шегінген қазақ қолын өкшелеп, қазіргі Жезқазған өңіріндегі Білеуті, Бұланты өзендерінен өтіп, Қарақұмның «Ұлы құмындағы» жықпыл-жықпыл құмға дендеп кіреді. Қазақ қолын басқарып келе жатқан Әбілхайыр ханның қалмақты құмға енгізу арманы еді. Қалмақтар мұндай жан-жағын бағдарлауы қиын, қорыс, ат бауырын жаздырмайтын құмда соғыс жүргізуге даяр емес-ті. Бұл жағдай дамылсыз соғыста келе жатқан қазақ қолбасшысына бір сәт стратегиялық ойға берілуге кеңшілік тудырады. Әбілхайыр хан кеңес жүргізе отырып, оң шешімге келеді. Әбілхайыр хан бұйырады: «Сәрке батыр, мына қалың қалмақты он екі күн осы жерден жылжытпайсың. Құдай қалап, амандықта болсам, мен де жетермін», – дейді. Сонда Сәрке: «Хан, он екі күнің ұзақ қой, біздің жаназамызды шығарып кет» дейді. Хан Әбілхайыр осы жердегі молдаға жеті мың адамның жаназасын тірілей шығартады.

Бұл батыр бабамыздың ерлік істерінің бірі ғана. Сәрке Өмірқұлұлы 16-17 жасында Ырғыз өңірінде қалмақтармен шайқасқа шыққан уақыттан бастап оның есімі Сыр табындарының ұранына айналған. Жаугершілік заманда күреспен есейіп, ер жеткен Сәрке бабамыз да елінің тыныштығы үшін талай шайқаста жауына тойтарыс берді. Қалың қалмақ қолына қарсы тұрып, жер жастандырған ер Сәркенің батылдығының арқасында қалмақ түгелдей қырылып, тарихтағы «Қалмақ қырылған» оқиғасы содан қалған. Сәрке Өмірқұлұлының көзсіз батылдығы мен ұлтына деген сүйіспеншілігі бүгінгі ұрпаққа зор тағылым-тәрбие.

Жан тапсырар сәтіндегі ер Сәркенің «Мен кетіп барам. Ұзақ сапарға аттанғалы жатырмын. Өкінбеймін, артымда елім бар, тұяғым бар, солардың бәрі ертеңгі тұяқ басарларым. Елді, жерді қорғаңдар. Менің атым өлмес, заманы келгенде бәрі жақсарып, келешек ұрпақ бізді де еске алады. Мүсірәлі әулие Алладан тілеп, Алладан сұрап алған соң ұрпағымда да аттары аңызға айналар батырлар келер. Оған кәміл сенемін. Тек айтарым қазір күннің ыстығы мынау, Қорқыт баба зиратына жеткізу қиын болар. Осы Ақшиде аманаттап жерлеңдер, кейін тыныштық орнаған соң Қорқыт бабаға апарып қоярсыңдар» деген сөзінен соң Бәйтен батыр ауыр күрсініп:

«Аманат деген ауыр жүк батыр. Сабыр сақтайық, ақырын күтелік. Алда-жалда Алладан бұйрық келсе, сөз жоқ, оны орындауға барымызды салармыз» деген екен. Батырдың айналасындағы көп сарбаздар қатты қайғырып, қамығып тұрып, «Уа батыр, бізді кімге тастап барасыз», – деп қоштасқанда, Сәрке батыр бар күшін жиып, сабырлы үнмен айналасына көз тастап «Бар сарбазды Жүзжасарға, ал Жүзжасарды бір Аллаға тапсырып барамын» деген екен. «Кемеңгерге кеңесші керек» дегендей батыр әрдайым Жүзжасармен ақылдасып отыратын болған.

Қазақ хандығының бірнеше ғасырлық тарихында қазақ халқының тағдыры шешілер кезеңде ұлт батырларының алар орны ерекше болғандығы белгілі. Ер Сәркенің ерлігін ұмытпайтын ұрпақтары барда ерлік істері ешуақытта ел жадынан өшпек емес.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Электр желілері жаңартылады

Майшамды ертемен қамдап алып, сол сығырайған жарықтың айналасына жиналатын қазақтың тұрмысы қазір біраз өзгерді. Өзгергенде өткенімізді ұмытпадық, бірақ заманның дамыған тұсындамыз. Кезінде еліміздің үлкен қалаларында электр желілері болғанымен, шалғай елді мекендер жылдап жарықсыз отырды. Тоқырау кезеңінде жоқшылықпен қатар, жарықтың да қарасын көрмеді халық.

Қазір шүкір дейміз, біз жоғарыда айтқан қиын кезеңдер ұмыт болып барады. Ол заман артта қалды, тіпті жарықсыз жарты сағаттың өзіне шыдамаймыз. Барлық тіршілігіміз, жұмысымыз, үйдегі-түздегі шаруаларымыз, тіпті тамақтануымыз да бәрі-бәрі жарықтың көмегімен бітеді. Бүгінде электр желілері жүргізілді, елді мекендерге дейін тартылды. Тіпті ауыл көшелеріне дейін жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Заманымыздың дамығаны осы, жарықсыз өмірімізді елестете алмайтын болдық.

Дегенмен заман дамыған сайын, әрбір жүйенің де сапасы артады. Сұраныс та, талап та сапаға тірелгендіктен, заманның талабына ілесуге тиіспіз. Кешегі кезеңде жарыққа қол жеткізуді ойласақ, енді бүгін сол электр желілерінің сапасына мән бере бастадық. Табиғи құбылыстардың, жауын-шашынның әсерінен сыр беретін электр бағаналарын жаңартуды, сымдардың сын көтеретіндей болуын қалаймыз. Әр саланың маманы бар, маман мықты, сауатты болса, жергілікті билік халықпен етене тығыз байланыс жасаса мұндай ұсақ мәселелердің шешіміне тосқауыл болмайтыны да анық. Біздің ауданда бұған дейін қанша жоба жүзеге асса, алдағы уақытқа жоспарланған жұмыстардың легі де аз емес. Әсіресе елді мекендерге бағытталатын жобалардың дені жарық, жол, аяқсу мен тұрғындардың тұрмысын көтеруге жұмыс істейтін кәсіпке бейімдеу жұмыстары. Газетіміздің бұған дейінгі сандарында аудан көлемінде алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың біразын тарқатсақ, енді бүгінгі мақаламызда электр желілерінің жаңаруына, жаңғыртылуына шолу жасамақпыз.

Елді мекендердің электр желілерін дамыту бойынша осы жылы қолға алынатын жұмыстардың көбі елді мекендерде іске асырылады. Бүгінгі таңда Жалағаш ауданы бойынша электр желілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақырым (ВЛ-0,4 кВ – 259,7 шқ, ВЛ-10 кВ – 197,8 шқ), электр жүйелерінің орташа тозу деңгейі 45,2 пайызды құраса, алдағы уақытта аудан бойынша 5 елді мекеннің электр желілерін жаңарту жұмыстары жүргізіледі. Мәселен электр желілерін жаңартуға Ақсу ауылына 184,7 млн теңге, Қаракеткенге 95,6 млн теңге, жалпы аталған елді мекендерде тұрғын үйлер секторының электр желілері құрылысына республикалық бюджеттен 270,3 млн теңге бөлінген. Аталған жобалар іске асырылған жағдайда аудан бойынша электр желілерінің тозу деңгейі 45,2 пайыздан 32,9 пайызға дейін төмендейді.

Сондай-ақ қазіргі таңда Мырзабай ахун ауылы бойынша жоба құны 141,2 млн теңге, Т.Жүргенов бойынша жоба құны 435,1 млн теңге, Есет батыр бойынша жоба құны 338,7 млн теңге, жалпы осы елді мекендерде тұрғын үйлер секторының электр желілері құрылысына жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, осы жылы республикалық бюджеттен 915,0 млн теңгеге қаржыландыруға бюджеттік өтінімдер ұсынылған. Сонымен қатар өткен жылы республикалық бюджеттен 273,1 млн теңге бөлініп, Жалағаш кентіндегі «Ақтерек» учаскесін электрмен жабдықтау жүйесінің құрылыс жұмыстары жүргізілді. Ал «Ақтерек» учаскесінен подстанция құрылысын салуға жоба-сметалық құжаттар әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге облыстық бюджеттен 18,1 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Айта кетейік, елді мекендердің электр желілерін жаңғырту жұмыстарын жүргізу мақсатында «ҚЭТТК» АҚ жарғылық қорын ұлғайтуға облыстық бюджеттен 2019 жылы 300,0 млн теңге, 2020 жылы 72,6 млн теңге бөлінген. Бөлінген қаржыға сәйкес «ҚЭТТК» АҚ-мен 2019 жылы Аққыр, Жаңадария, 2020 жылы Мәдениет, Аққұм, Жаңаталап, 2021 жылы Бұқарбай батыр елді мекендерінің электр желілері қайта жаңғыртылған. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 109,5 шақырым электр желісі, 35 дана трансформатор қондырғылары жаңартылып, электр жүйесінің орташа тозу деңгейінің көрсеткіші 75 пайыздан 45,2 пайызға төмендеді.

Жалпы жоғарыда аталған бірнеше елді мекеннің электр желілерін жаңғырту жұмыстары биылғы жылдың еншісінде. Бұдан бөлек жолдардың күрделі жөндеуден өтуі, газдандыру, жарықтандыру секілді ауқымды жобалар да осы жылы жүзеге асып, жалағаштықтарды қуантпақ. Ең бастысы ауылдағы ағайынның жауын-шашын бола қалса жарықсыз қаламыз деген уайымы сейілетін болды. Өйткені түбегейлі жаңартылған электр желілерінің жақын арада сыр бере қоюы екіталай.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Тылсым табиғат

Көктемнің алғашқы айындағы амалдар

Негізі қазақтан асқан философ жоқ дейміз. Кейде табиғи амалдарды дәлме-дәл болжап, күні бұрын байқап отыратынына қарап осы сөзге күмән келтірмейсіз. Бұған дейінгі тылсым табиғат атты айдарымызда қыс айларында кезігетін амалдарға тоқталсақ, енді алда келе жатқан көктемнің алғашқы айындағы орындалатын амалдарға шолу жасамақпыз.

Халық наурызда Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлу Сары сынды жұлдыздардың бір сызықтың бойында тізіле орналасуынан күн мен түннің теңелгенін байқаған. Жаңа күннің жарығы мен жылуы қытымыр қысты ығыстырып, жер бетін жылылық жайлап көк шыға бастаған наурыздағы күн мен түннің теңелгенін байқауға болады. Қазақтың Батыс өлкесінде наурыздың 14-інде сарышұнақ інінен шығады, күн суық болса, ін аузынан ұзамайды, күн жылы болса, ұзағырақтау жерге шығады. Ал тасбақа болса, күн мен түн теңелгенде інінен аузына «мәриям» деп аталатын шөп тістеп шығады. Оны еппен алған адам бақытты, дәулетті болады деген сенім бар.

Наурыз айы – халықтық күнтізбедегі жылдың бас айы. Наурыз айының басында күн жылып, қыс бойы жатқан қар ериді. Қар кеткен жерлерде көк шыға бастайды. Қар астынан қылтиып бәйшешек көрінеді. Жыл құстарының ішінде көктемнің хабаршысы болып алдымен келетін сарбауыр көкала торғайды түстік жақтарда «наурызек», «наурыз торғай» деп атайды. Наурыз айындағы елжіреген күннің көзіне малшы, егінші қауым аса сене бермейді. Қар күрт еріп, жер лайсаң тартып жатқанмен, артынша-ақ алай-дүлей қар борап, аласапыран болып кетеді. Наурыз айының 10-15-інде өтетін бұл амалды халықта «отамалы» деп атайды. Малшы қауымның қарбаласқа толы тыным көрмейтін шағы – наурыз айында қой түлігі жаппай төлдей бастайды. Оны қой төгіні деп атаған. Саятшылар құс салмайды, аңшылар аңға шықпайды. Амалдар наурыз айынан басталады. Жыл аяғында, яғни наурыз айының 17-21 күндері аралығында болатын жауынды-шашынды, суық әрі лайсаң мезгіл – бесқонақтан қатты сақтанып отырған. «Самарқанның көк тасы еритін күн» деп Наурыз айының 22-сін айтады. Бұл күні Шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл басталады. Осы күні шығыста күн жылып, жер жібіп, ашық, шуақты мезгілдер басталады.

Есепшілер көктемде болған құбылыс күзде, жаздағы болған құбылыс қысқа сәйкес келіп күнбе-күн қайталанып отырарын білген. Көшпенділердің байырғы астрономиялық түсінігі бойынша, бір жыл алты ай жаз, алты ай қыс болып, екіге бөлінген. Үркер төмен түсіп, Таразы туғанға дейінгі, яғни, 21 наурыздан 21 қыркүйекке дейінгі аралықты жаз айларына, ал Сүмбіле туып, Үркер көкке көтерілген, яғни, 21 қыркүйектен 21 наурызға дейінгі аралықты қыс айларына жатқызған. Енді халық ұғымында қалыптасқан басты табиғат құбылыстарына тоқталар болсақ, наурыз айының соңғы 24-28 күндері қатты жел тұрып, күн суытып, кейде қар жауады. Бұл күндер халқымыздың ұғымында – «Қоянның толғатуы» аталған. Сондай-ақ наурыздың сол 26-28-і күндерінде жыл құстары ұшып келе бастайды. Бұл күндері де жоғарыда аталғандай, қайтқан құстардың қанаттарының суылдап ұшқан ызғарынан күн суытып, қар аралас жауын жауып, суық жел тұрады. Бұл өзгерісті қариялар «Жарықтық, құс қанаты ғой, бұл» деп жатады. Осы кезден соң қар еріп, жер лайсаң болады. Бұл аласапыран басталатын шақты, «Құс қанаты» деп, амалға жатқызған. Бұл күндері қар кеткенмен, ызғары жатады. Айдың соңында шаруаға жайлы жағдай туғызар бес-он күндік жауын-шашынды амал, «Бес тоғыстың бет жуары» болады. Бұл айда таңертең күн күркіресе, суықтықтың хабары, ал алғашқы күн күркірегенде жел арқадан тұрса, ай салқын, шығыстан тұрса, құрғақ, түстіктен соққан болса, жылы боларының хабары. Сондай-ақ бұлт тым жоғары көтеріліп, тез көшсе, күн жақсармақ та, ай ортасында күн райы қандай болса, жаз бойы сол қалыпты сақтап, жылы жел ессе, қолайлы, жел арқадан соғып, салқындаса, қоңыр салқын, жаңбыр жауған болса, бүкіл жаз жаңбырлы болмақ.

Дайындаған Нұр НАУАН

ЖОБА

ЖАЛАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Жалағаш ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жалағаш ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы Г. Құрманбаева

Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы «____» __________ №____ шешіміне қосымша

Жалағаш ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығысыз)
Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	160,08
Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м^3	1700,00

ПРОЕКТ

РЕШЕНИЕ ЖАЛАГАШСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

Об утверждении тарифов для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по Жалагашскому району

В соответствии с подпунктом 3) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», маслихат Жалагашского района **РЕШИЛ:**

1. Утвердить тарифы для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по Жалагашскому району согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Жалагашского районного маслихата Г.Курманбаева

Приложение к решению Жалагашского районного маслихата от «___»__________ 2023 года № ____

Тарифы **для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по Жалагашскому району**

Наименование	Расчетная единица	Тенге (без налога на добавленную стоимость)
Домовладения благоустроенные и неблагоустроенные	в месяц с 1-го жителя	160,08
Годовой тариф на единицу (объем)	1 м^3	1700,00

Ел болашағы бәрінен маңызды

Ел ішінде күрделі мәселе болса, оның бірі сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, болдырмау шаралары. Бұл мәселемен күрес күні бүгін қолға алынған жоқ. Дегенмен әлі толықтай тосқауыл қойылды деуге де келмейді. Өйткені сыбайластыққа барғандар арасында бой көрсетуде.

Бұл дертпен күресте қазақстандықтардың бірдей атсалысуы маңызды. Өйткені қоғамдағы екіұдайлы пікір қай кезде де мемлекеттің алға басуына кедергі келтіріп, дамудың баспалдағына іліге алмаймыз. Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін са қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Оған қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты қалыптасады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі керек. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы ҚР-ның Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Сыбайлас жемқорлықпен күрес бір ғана құқық қорғау мен мемлекеттік орган қызметкерлерінің қолынан келетін іс-шара емес, оған бүкіл халық ел болып атсалысудың маңызы зор. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір Қазақстан азаматының азаматтық борышы деп қабылдауымыз керек.

Г.ҚАСЫМОВА,
Жалағаш аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы

Тоғанас батыр – 210 жыл

Ерлік дәріптелген дода

Ұлт азаттығы жолында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен елжанды, біртуар ерлерді бүгінгі ұрпақ білуі тиіс. Ал тәуелсіздік жылдарында мұрағаттар мен деректер ашық айтылып, тарихқа жаңа баға берілген тұста біз кейінгі буынға рухани мұра қалдыруға тиіспіз. Әлбетте, осы мақсаттағы ізденісте батыр бабаларымыздың өмір жолын айналып өте алмайтынымыз тағы да анық. Сыр өңірінің белгілі батыры Тоғанас баһадүрдің болмыс-бітімі де бүгінгі ұрпаққа ашылған көмбедей құнды мұра.

Архивтегі деректер Тоғанас Бәйтікұлының шамамен 1804-1807 жылдары дүниеге келгенін растайды, сондай-ақ ол 1863-1864 жылдары өмірден өткен.

Иә, батырдың туған жылын әркім әртүрлі жазады. Бір жазбаларда 1812 жылы өмірге келген десе, енді бірінде Тоғанас батырдың 1814 жылы туғанын айтады.

Ол атақты Бәйтік батырдың перзенті екені тарихтан мәлім. Тоғанастың әкесі Бәйтік, атасы Бәймембет, бабасы Тойқожа да нағыз батыр атанған тұлғалар. Бүгінде баһадүрдің бабасы бір қауым ел Тойқожа батыр есімін еншілеген. Әкесі Бәйтік Бәймембетұлы Сыр өңірінде шамамен 1762-1841 жылдары өмір сүрген. Хиуа мен Қоқан хандықтарының жергілікті халыққа жасаған озбырлық әрекеттеріне қарсы тұрған. Бәйтік батыр жайында Балқы Базар жыраудан бастап Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омарына дейін көп жырлағанын аңғару қиын емес. Бүгінде батыр ұстаған байрақ әлі күнге дейін сақтаулы екен.

Көп ішінде Тоғанасты батырлыққа баулып, батасын берген өз әкесі Бәйтік пен Қыстаубай батыр екені айтылады. Ал батырдың арғы атасы Тойқожа батыр Ақжайық бойындағы құба қалмақпен болған кезекті ұрыста жасағымен қоршауда қалып, сол шайқаста мерт болған. Батыр ерлігін баласы Бәймембет, немересі Бәйтік, шөбересі Тоғанас, Бодаштар жалғастырып, халық арасында «Бәйтік-Тоғанас» деген атпен әкелі-балалы батырлардың ерлігі кең тараған.

Ата жолын қуған Тоғанас та батырлық жолды ұстанып, тағдырын айқындайды. Өмір сүрген кезеңі Ресей патшалығы мен Хиуа және Қоқан бектерінің үздіксіз шабуылы кезеңінде өткендіктен, тегінде бар қасиет қайсар жанға жастайынан қару алғызған еді. Батырдың алғашқы ерлігі де ерекше оқиғаға құрылған. 1830-1831 жылдары 16 жастағы Тоғанас атын іздеп жүріп «Тайкеткен» өзегінің қалың қамысы ішінен жолбарыс кезігеді. Ержүректігімен жолбарыс соғып, терісін жамылып ауылына келген бозбаланың атағы бір сәтте елге тараған екен.

Қоқандықтардың Сыр бойына еніп, елден түрлі алым-салық жинай бастаған кезі болса керек. Хиуа бегі Қожанияз мұндағы жұртты өзіне бағындыру үшін 500 жасағымен шабуылға шығады. Бұл хабарды естіген Шағырай, Қыстаубай, Сарман батырлар да 500-дей әскер¬мен қарсы тұрған деседі. Сол жасақтың ішінде Тоғанас батыр да болған. Қос тарап Күміс-қорған аралығында кездесіп, майданға енеді. Шайқас нәтижесінде қазақтар жеңіске жетіп, мерейі тасыған екен. Осылайша Тоғанас Бәйтікұлының даңқты жолы Күмісқорғандағы қоқандықтарды қуған сәттен бастау алыпты. Тіпті ол алаша Түлкібай, табын Бұқарбай батырлармен бірге Бейісбайды шабуға қатысады. Оған қоса Қуаңдария мен Жаңадария бойынан Қоқан, Хиуа бектері Қожанияз бен Бабажан, қарақалпақ Орынбай мен Нұртайды қуып жетіп өлтіргендер арасында қаһарман Тоғанас та бар екен.

Қазір өткенді ұлықтып, өшкенді қайта жаңғыртуға бет алған жалағаштықтар түрлі шаралар ұйымдастырып, ел үшін ерен ерліктің үлгісін көрсеткен батыр бабаларымыздың өмір жолын кейінгі буынға өнеге етуді дәстүрге айналдырды. Ал өткен сенбіде ұйымдастырылған спорттық шарада дәл осындай тарих кеңінен тарқатылады деп ойлаған жоқпыз. Батыр Тоғанас бабамыздың 210 жылдығына орай өткен спорттық шараның ашылу салтанатында «Наркескен» спорт клубының директоры Ғалымжан Ержанов тарихқа терең бойлай отырып, бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды.

– Жалпы, Тоғанас батыр хақында тарихта дерек көп. Барлығында батыр бабамыздың ел үшін ерліктің үлгісін көрсеткенін бағамдаймыз. Сондықтан қазақ жұртының тәуелсіздігі жолында жан алып, жан берісқен батырлардың ерлігі қай заманда болсын дәріптелуі тиіс деп есептеймін. Бүгінгі шараның да маңызы жоғары деуім сондықтан. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді Ғалымжан Дастанұлы.

Тоғанас батырдың 210 жылдығына арналған дзюдодан облыстық турнир салтанатты түрде ашылғаны сол еді, бас төреші Наурыз Болат жарыстың ережесімен таныстырып, болашақ палуандар кезекпен бозкілемге шақырылды. Дүбірлі додада Қызылорда қаласы мен Жаңақорған, Қармақшы, Сырдария, Арал, Жалағаш аудандары, Сексеуіл кенті мен Ақсу және М.Шәменов ауылдарынан келген 300-ге жуық спортшы өзара мықтыны анықтады.

Иә, жасөспірімдер арасындағы сайыс тартысты өтті. Десе де жарыс болған соң бағы мен бабы қатар шапқан палуанның бәйге жолында бәсі биік болатыны тағы да анық. Жекелеген спортшылар бойынша әр өңірден келген саңлақтар топ жарды. Ал командалық есепке келсек, Жалағаштық жас палуандардың бабы мен бағы қатар шапты. Бұл жарысты соңына дейін көрген жанкүйердің «Ауылдастың аты озды» деген түсініктен ада болатыны анық. Себебі расында жалағаштық қай спортшының да қарсыласынан басым екені бозкілемде анық байқалды. Біз сөзбен айтқанда, жерлестеріміз жарады.

Жалпыкомандалық есепте екінші орын Қармақшы ауданының қанжығасында. Ал үздік үштікті көршілес Сырдария ауданы түйіндеді. Бүгінгі жарыста жеңімпаз командаға спорттық клуб директоры Ғ.Ержанов қаржылай сыйлық табыстады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Үздік кітапхана

Ауылдағы руханият ордасы

Мәдениет саласының бірден-бір дамуына үлес қосып отырған кітапханалар жүйесі екені белгілі. Өйткені ұлтымыздың күллі тарихы, мәдени мол мұрасы, тарихи тағылымы бәрі-бәрі кітап бетінде, тарихтың том-том парақтарында сақтаулы. Ал руханияттың ордасы саналған кітапханалар жұмысының жүйелі болуы, оқырман тарту және жастарды кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатындағы жобалары да адамзаттың рухани тыныс-тіршілігіне айналуды көздейді.

Жуырда Аққұм ауылдық кітапханасы «Рухани қазына – 2022» республикалық фестивалінде «Үздік ауылдық маңызы бар кітапхана» атанды. Бүгінде ауыл кітапханасы адамзаттың рухани тыныс-тіршілігінің көзі болып табылатын және қазіргі кезде әр адам үшін білімін жетілдіруге, ақпараттық қажеттіліктерін ақысыз қанағаттандыруға, қызығушылығы ортақ мүдделестермен кездесу алаңына, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін орталыққа айналып отыр. Жаңғырған әлемнің жаңарған келбетіне айналған рухани орданың жұмыс кестесі де қауырт. Әр сәрсенбіде Аққұм ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ақтоты Көшекбай ауыл халқына Egov.kz сайты арқылы онлайн анықтамалар алып беріп, ауыл жастарының компьютерлік сауаттылықтарын арттыру мақсатында аптаның әр сәрсенбі күні курс өткізуді қолға алыпты. Мобильді технологиялар – бұл кітапхананың жаңа қызметі. Бұл жоба аясында ауылдың кез келген тұрғыны интернетті пайдалану, электронды поштамен жұмыс, сканерлеу және Egov.kz қызметі арқылы кез келген анықтама түрін ақысыз ала алады.

«Кітапхана дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы. Аққұм ауылдық кітапханасы 1976 жылы құрылды. 2015 жылы ауылды ақпараттандыру мақсатында Біріккен Ұлттар ұйымының қолдауымен Даму қоры демеушілігімен кітапхана Аққұм онлайн ақпарат орталығы болды. 2016 жылы модельді кітапхана атауы берілсе, 2019 жастар жылына орай кітапхана жанынан заманауи Коворкинг орталығы ашылды.

Бүгінгі күні кітапханамызда 18962 кітап қоры болса, 676 оқырманға қызмет жасаймыз. Келушілер саны 6367 ні құраса, кітап берілім 15828. Бізде «Цифрлы Қазақстан кітапхана дамуына жаңа серпін», «Жүрек жылуы», «Тәтті кітап» жобалары жұмыс жасайды. Айта кетейік, рухани ордамыз 2018 жылдан бастап «Рабис» бағдарламасының «Каталогизатор» – модуліне көшті» деген Ақтоты Айтжанқызы мұнда келген жаңа әдебиеттерді библиографиялық сипаттамада енгізіп отыратындарын жеткізді.

Жалпы кітапханада қолға алынған «Жүрек жылуы» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс жасалады. Түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, үйлеріне уақытылы кітап жеткізіліп отырады. Сонымен бірге 2021 жылдан бастап «Тәтті кітап» жобасы да қарқынды жұмыс істеп келеді. Жас жеткіншектердің жаңа түскен балалар әдебиетін түрлі тәсілдермен қызығушылығын арттыра отырып, оқуға ынтасын қалыптастыруға жұмыс істейді. Тіпті осы ретте кітапхана сөрелерінде «Балаларға базарлық», «Балалар бағының бағбандары», «Кітап тамшылары» кітап көрме инсталяциясы жасалса, кітаптар әлеміне саяхат, тәтті кітап себеті, ертегілер әлемінде «Біз ертегімен есейеміз» атты ертегі оқулары өткізіліп тұрады. «Ертегілер оқу» желісі бойынша «шалқан» ертегісі қойылымы қойылса, Тәуелсіздігіміздің 30, М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай балабақша тәрбиеленушілерінің ересек топтарына мәнерлеп оқытулар, ашық аспан астындағы кітап көрмелері, аудандық, ауылдық онлайн шаралар да назардан тыс қалмайды. «Туған жер» бағдарламасы аясында «Туған жерім – құт мекенім», «Ауыл мақтанышы» тұрақты кітап көрмелері жасақталып, «Туған өлкеңнің тарихы мен танымы» ауыл ардагерлері мен кездесу кеші өткізілсе, «Туған өлке – тұнған тарих» суретшілер байқауы, Еңбек ардагері, жерлесіміз Ұлбала Меңлікарақызының шығармашылығынан «Жүрек сезімі» кітап көрмесі, ауылымен кездесу кеші ұйымдастырылған. Кітап қорын толықтыру мақсатында да «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы үздіксіз ұйымдастырылып тұрады екен.

Қарап отырсақ, ауыл кітапханасының жұмысында жүйе бар. Бірден-бір көңілімізге қонғаны, ауыл тұрғындары үшін Egov.kz қызметінің қолжетімділігі болды. Айта кету керек, ауыл кітапханасындағы жобалар легі мұнымен толастамайды. Кітапханашымен әңгіме барысында тағы да бірнеше жұмыспен таныстық. Мәселен «Сырлы сөз» көркемсөз үйірмесі асында танымдық бағыттағы шаралар өткізілсе, «Парасат жолы» орталығында «Жастармен жұмадағы жүздесу» тақырыбымен дөңгелек үстел ұйымдастырылады. Мұнымен қоса Тәуелсіздігімізге 30 жылдығына «Ордалы елге отыз жыл», Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына «Алаштың ардақ тұтар азаматы» тұрақты кітап көрмелері, «Тіл білімінің ұстазы», «Ахмет тағылымы» аймақтық конференциялары да жоспардан тыс қалмапты. Күн тәртібіне қойылған бірнеше шарадан хабардар еткен Ақтоты Айтжанқызы «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» дөңгелек үстелі, М.Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «Қазақ поэзиясының хан тәңірі» мәнерлеп оқу сайысы, «Қазыналы қарттарым» ардагер аналармен кездесу, «Иман және тәрбие» тақырыбында ауыл имамының жастармен кездесуі, «Ана – өмір бастауы» атты көпбалалы аналармен басқосу және 31 мамыр қуғын-сүргін құрбандарын еске алу кеші өткенін де атап өтті.

Жыл соңында үздік атанып, аудан мерейін асырған ауыл кітапханасының бұған дейінгі жетістігін де айтпай кету мүмкін емес. Жүйелі жұмыстың нәтижесін көріп, еселі еңбегі еленген кітапхана ұжымы «Үздік кітапханашы-2018», «Рухани қазына-2019» фестивалінде кітапхана «Жаңалық жаршысы – кітапхана» номинациясымен марапатталған.

Рухани ордадағы кітап көрмелерімен түгел танысқан әріптесім екеуміз үздік кітапхана атануы да тегін емес екен дедік. Ауыл тұрғындары, әсіресе жастар жағы кітапханаға жиі бас сұғып, жаңа кітаптармен танысуға тырысады. Ал біз алдағы уақытта ауыл кітапханасы мұнан да жоғары нәтижелерді көрсетеді деп сенеміз.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 251

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ